

2015-2016 оқу жылының нәтижелері бойынша ОҚМУ-дің 39 мамандығы елімізде үздік үштікке енді, ол жоғары білім беру сапасы мен түлектерге сұранысты дәлелдейді.

ОҚМУ тағы да үздіктер қатарында

Студенттер үшін қарбаласқа, ізденіске толы бір жылдық оқу жылы аяқталды. Дегенмен бұл оқу орындарының жұмысы азайды деген сөз емес. Жаңашылдыққа құмар М.Әуезов атындағы ОҚМУ-де маусымда «Шымкент жаздық университет-2016» («Shymkent Summer University 2016») Халықаралық жаздық мектептерінің салтанатты ашылуы өтті. Жоғары деңгейде өткен іс-шараға университеттің оқу ісі және ақпараттық технологиялар жөніндегі проректоры Канат Байболов, Латвия ауылшаруашылық университетінің профессоры Анита Блиджа, Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығының директоры Е.Ефимова, «Химиялық инженерия және биотехнология» Жоғары мектебінің деканы А.Болдыбек, «Тоқыма және тамақ инженериясы» Жоғары мектебінің деканы Н.Ботабаев, «Заңтану және халықаралық қатынастар» факультетінің деканы Ж.Орынғаев, Халықаралық жаздық мектептердің лекторлары, үйлестірушілері және тыңдаушылары қатысты. Кездесу барысында «Су



ресурстарын басқару», «Мұнай инженерингісі», «Азық-түлік қауіпсіздігі және тәуекелді басқару», «Жаһандану және саяси трансформация жағдайындағы Батыс пен Шығыс сұхбаты» Халықаралық жаздық мектептерінің тұсаукесерлері жасалды. Салтанатты жиын барысында Канат Сейітжанұлы арнайы келген қонақтарға алғысын білдірді. «Тұсауы кесілген жаздық мектептердің негізгі

мақсаты университеттер арасына қарым-қатынасты күшейте отырып, зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында тәжірибе алмасу. Бұл біздің оқытушылар және студенттер үшін білім көкжиегін кеңейтуге үлкен мүмкіндіктер бермек»,- деді ол. Шара соңында мамандар жаздық мектептердің тиімділігін сөз етті.

Осы ретте Мұхтар Әуезовтың атындағы білім ошағының үлкен жетістікке жеткенін айта кетейік. Биыл М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті Тәуелсіз аккредиттеу және рейтинг агенттігі жүргізген (НААР) 2016 жылғы мамандарды даярлаудың деңгейлері мен бағыттары бойынша ұлттық рейтингінде өзінің позицияларын тағы да дәлелдеді. 2015-2016 оқу жылының нәтижелері бойынша ОҚМУ-дің 39 мамандығы елімізде үздік үштікке енді, ол жоғары білім беру сапасы мен түлектерге сұранысты дәлелдейді. Үздік жоғары оқу орындарының жалпы ұлттық рейтингінде университет Техникалық ғылымдар мен қызметтер бағыты бойынша мәртебелі 2-ші орынға ие болды. Сондай-ақ рейтингтің көшбасшы мамандықтарының қатарына білім ошағындағы бакалавриаттың 7 мамандығы мен докторантураның 1 мамандығы енді.